

Выводы

Препараты «Ротокан», гель «Метрогил-Дента», «Иодиол» и отвар дубовой коры можно использовать для лечения катаральных, язвенных и атрофических стоматитов крупного рогатого скота после предварительной санации ротовой полости антисептическими растворами.

Литература

1. Болезни собак и кошек в таблицах и схемах. - Харвест, 2007. - 320 с.
2. *Йин С.* Полный справочник по ветеринарной медицине мелких домашних животных. - М: Аквариум-Принт, 2008 г. - 1024 с.
3. *Уша Б.В., Беляков И.М., Пушкарёв Р.П.* Клиническая диагностика внутренних незаразных болезней животных. - М.: Колос, 2004. - 487 с.
4. *Щербаков Г.Г., А.В. Коробов А.В.* Внутренние болезни животных. - М.: Колос, 2002
5. *Симпсон Дж., Уильзе Р.* Болезни пищеварительной системы собак и кошек. - М.: ООО «Аквариум бук», 2003. - 496с.

Тулендибаев А.Б., Туребеков О.Т., Махматов А.К., Имангалиев А.К.

КЕЙБІР ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ СТОМАТИТІНЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ірі қара малдың стоматиттің катаральды, ойылым және атрофиялық түрлерінің еміне салыстырмалы түрде бірнеше замануи препараттарды салыстырмалы түрде қолданылып, оң нәтиже алынған.

Кілт сөздер: ірі қара мал, стоматит, клиникасы, балауы, емі.

Tulendibayev A.B., Turebekov O.T. Makhmutov, A.K., Imangaliev A.K.
**THE EFFECTIVENESS OF SOME DRUGS FOR THE TREATMENT OF
STOMATITIS OF CATTLE**

The article presents data on the effectiveness of treatment of catarrhal, ulcerative and atrophic stomatitis of cattle some modern drugs.

Key words: cattle, stomatitis, clinic, diagnostics and treatment.

ӘОЖ 619:616-07:616.995.1]:636.3

Усманғалиева С.С., Абеуов Х.Б., Хусайнов Д.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЦЕНУРОЗДЫҚ АНТИГЕННІҢ БАЛАУЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жаңа технологиямен алынған ценуроздық антигеннің балаулық белсенділігі мен телімділігін анықтау тәжірибесінің нәтижелері берілген.

Кілт сөздер: ценуроз, Multiceps multiceps цестодасы, циста, диагностика, ультрадыбыстық өңдеу, балаулық белсенділік, телімділік.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өңірлерінде кең таралған паразитарлық аурулар еліміздің мал шаруашылығына елеулі экономикалық зиян келтіреді. Қазіргі жағдайда шағын фермерлер мен жеке шаруашылықтар малдарын ауыл төңірегіндегі шектеулі жайылымдарға жаюға мәжбүр. Мұндай жағдайда ауыл маңындағы жайылымдар түрлі паразит элементтерімен залалданады, соның нәтижесінде паразитоздардың эпидемиологиялық көрсеткіштері жоғарлайды. Республикамыздың оңтүстігінде мал санын көбейтіп, олардан алынатын өнімдері арттыру үшін қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдаланумен қатар, мал басын аман сақтаудың, оларды әсіресе аурулардан қорғаудың маңызы зор.

Мал шаруашылығының дамуына кері әсер беретін инвазиялық аурулардың бірі ценуроз болып табылады. Бұл ауруды халық арасында клиникалық белгісіне байланысты айналма деп те атайды.

Айналма (*Coenurosis cerebralis* – ценуроз) – бас миының, кейде жұлынның зақымдалуымен және олардың қызметінің бұзылуымен, қан қысымынан бас сүйектің атрофиясының дамуымен жүретін үй және жабайы күйіс қайыратын малдардың ауруы. Қазақстанда кең тараған.

Ценуроздың қоздырушысы – *Multiceps multiceps* (ми цепені) цестодасының *Coenurus cerebralis* көпіршікті балаң құрт сатысы.

Айналмамен көбінесе күйіс қайыратын мал, әсіресе ірі қара мен қой жиі ауырады. Ауруды миға түскен құрт қоздырады. Айналма құртының пішіні жұмыртқаға ұқсайды, іші кілтілдеген су, диаметрі 5-7 см. Кейбір малдың миында 2-3, тіпті 25-27 таспа құрт болады. Малға айналма иттен жұғады. Иттің ащы ішегіндегі таспа құрт нәжіске араласып сыртқа шығады. Мал сол құрттарды шөппен бірге жеп, ауруға шалдығады.

Ауру ценур көпіршігінің өсіп, дамуына байланысты төрт сатыға бөлінеді және орналасқан жеріне қарай әртүрлі болады. Ауру малдың бас сүйегі жұқарады, таспа құрт жатқан жердің тұсын бармақпен басса, былқылдап тұрады. Егер ол шеке немесе самайға орналасса, мал оң немесе сол жағына қарай айналады. Қарақұста орналасса, артқа қарай шегінеді немесе ілгері қарай ұмтылады, ал жұлынды жайлаған болса, малдың жүріс-тұрысы бұзылады.

Аралық иелері – негізінен қой, қозы, ірі қара мал және басқа да күйіс қайыратын жануарлар.

Ақтық иелері – ит, өте сирек түлкі, шибөрі және қасқыр болып табылады. Ащшы ішек бөлімінде ми цепенінің жынысы жетілген сатысы паразиттік тіршілік етеді [1, 2, 3].

Диагноз эпизоотологиялық мәліметтер (малдың жасы, ауру мерзімі, инвазияның бар-жоғы), клиникалық белгілері (қозғалу сипаты, басы мен аяқтарының тұрысы, тырыспаның бар-жоғы, көру қабілетінің нашарлауы, тері сезімталдығының жағдайы, пальпация кезінде бас сүйектің жұқалауы мен майысуы, перкуссия кезіндегі күңгірт дыбыс) және патологанатомиялық сойып тексеру нәтижесінде бас миында немесе жұлында ценур көпіршігін табу негізінде қойылады [4, 5].

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – жетілдірілген технология бойынша әзірленген ценуроздық антигеннің балаулық тиімділігін анықтау болып табылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) ҚазҰАУ «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының паразитоздарға қарсы биотехнология зертханасында жүргізілді.

ҒЗЖ жүргізу барысында ценурозбен ауырған 2 жасар қойлардың милары, көпіршік сұйықтығы, ценур цисталары, сколекстерінен алынған ценуроздық диагностикалық антиген, қойлардың қан сарысулары сынамалары, шуттель аппараты, термостат, ультрадыбыстық өңдеуге арналған «УЗДН-2Т» аспабы, центрифуга және т.б. химиялық заттар мен ерітінділер қолданылды.

Ценуроздық диагностикалық антигенді шуттель-аппаратымен араластыру, пепсинмен ыдырату, гидролизатты ультрадыбыспен өңдеу арқылы алынған және өңделген герминативті қабықша, сколекстер және көпіршік сұйықтығының 1:1:1 қатынасындағы қосындысын спиртпен отырғызу, содан кейін тұнбаны дистилденген суда суспензияға айналдыру тәсілімен жетілдірілген жаңа технологиямен алынды.

Ценуроздық антигеннің балаулық тиімділігін анықтау үшін комплементті байланыстыру реакциясы (КБР) және тікелей емес гемагглютинация реакциясын (ТЕГАР) қолдану арқылы қойлардан алынған қан сарысуларының сынамалары тексерілді. Реакция жалпы қабылданған зертханалық әдістеме бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Технологиясы жетілдірілген ценуроз антигенінің белсенділігін сынау нәтижелері 1-ші кестеде беріліп отыр.

1-ші кестеден көріп отырғанымыздай ұсынылып отырған жаңа әдістеме бойынша әзірленген антигеннің белсенділігі орташа алғанда 30 %-ға жоғарылаған. Кейіннен оң нәтиже берген малды сойып патологиялық-анатомиялық зерттегенімізде 97% жағдайда (бақылау тобында 91 жағдай), күманды нәтиже бергендердің арасында 30% (бақылау тобында – 20%) және аталған аурудан таза емес шаруашылықтан алынған теріс нәтиже берген қойларды сойып патологиялық-анатомиялық тексергенде 2 % жағдайда (бақылау тобында – 5 %) ценурозға диагноз расталды. Сонымен қатар, жаңа жетілдірілген әдіспен әзірленген антигеннің белсенділігі орташа алғанда 7 %-ға жоғарылағаны дәлелденіп отыр.

1-кесте – КБР және ТЕГАР арқылы қой мен ешкілердің қан сарысу сынамаларын ценуроз антигендерімен салыстырмалы тексерудің нәтижелері

Мал түрі	Қолданылған ценуроз антигені	Тексерілге н мал басы, саны	КБР		ТЕГАР	
			Оң	Кұманды	Оң	Кұманды
Ценуроздан таза шаруашылықтар						
Қой	Жаңа әдіспен әзірленген	135	-	-	-	-
Ешкі		6	-	-	-	-
Қой	Белгілі әдіспен әзірленген	156	-	-	-	-
Ешкі		8	-	-	-	-
Ценуроздан таза емес шаруашылықтар						
Қой	Жаңа әдіспен әзірленген	248	27	3	29	5
Ешкі		18	2	-	2	-
Қой	Белгілі әдіспен әзірленген	232	21	2	22	2
Ешкі		19	1	-	1	-

Қорытынды

Сонымен, зерттеу нәтижелеріне талдау жасасақ, жаңа жетілдірілген әдіспен әзірленген ценуроздық антиген мен қолданыстағы ұқсас антигендерді қолданып КБР және ТЕГАР арқылы қой мен ешкілердің қан сарысу сынамаларын салыстырмалы тексерудің нәтижелері ұсынылып отырған жаңа технологиялы антигеннің көмегімен ценурозды серологиялық балауды орташа 30 %-ға артыратыны және белсенділігінің 7 %-ға жоғарылағанын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Хакимов Б.Н. Особенности биологии *Multiceps multiceps* (leske, 1780), *Coenurus cerebralis* и усовершенствование мер борьбы против ценуроза овец: Автореф. дисс. канд. вет. наук. Самарканд, 1990. - 27 с.

2. Муминов А.М. Специфическая профилактика ценуроза овец / Муминов А. М., Шодмонов И. Ш, Шахматов А. Н. / Инф. л. НПИЦентра. -Душанбе, 1997. №1-97. - 4 с.
3. Аминжанов А.А. Восприимчивость животных к «овечьему» ценурозу/ Аминжанов А.А., Хахимов Б.Н. // Современное состояние и перспективы оздоровления хозяйств от эхинококкоза и цистицеркоза: Тез. докл. науч.-практ. конф. Караганда, 1990. - С. 18.
4. Аминжанов М.А. Опыты борьбы с ларвальными цестодами овец в каракулеводческих хозяйствах // Аминжанов М.А., Мусинов М.Ю., Хахимов Б.Н. и др. // Ветеринария. 1990. - № 9. - С. 50.
5. Бондарева В.И. Об острой форме ценуроза у ягнят/Бондарева В.И., Диков Г.И. // Тр. НИВИ Каз. акад. с.-х. наук. 1961. - Т. 10. - С. 608 -615.

Усмангалиева С.С., Абеуов Х.Б., Хусаинов Д.М.

ДИАГНОСТИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЦЕНУРОЗНОГО АНТИГЕНА

Аннотация

В статье приведены результаты опытов по определению диагностической активности и специфичности ценурозного антигена, разработанного по новой технологии.

Ключевые слова: ценуроз, цестода *Multiceps multiceps* сы, циста, диагностика, ультразвуковая обработка, диагностическая активность, специфичность.

Usmanaliyeva S.S., Abeuov Kh.B., Khussainov D.M.

DIAGNOSTIC EFFICACY OF COENURUS ANTIGEN

Annotation

The article presents the results of experiments to determine the diagnostic activity and specificity of coenur antigen where developed by the new technology.

Keywords: coenurus, *Multiceps multiceps*, cysts, diagnosis, ultrasonographic diagnosis, diagnostic activity, specificity.

ӘОЖ:636.32/39:615.371

**Шамбаева И.С., Ахметсадықов Н.Н., Шанбаев Б.У.,
Алимбекова М.Е., Хусайнов Д.М.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

В. MELITENSIS REV-1 ВАКЦИНДІК ШТАМЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК 1-БИОВАРЫН БИОРЕАКТОРЛАРДА ӨСІРУГЕ АРНАЛҒАН ҚОРЕКТІК ОРТА ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада, қой мен ешкі бруцеллезінің алдын-алуда қолданылатын конъюнктивалды вакцина дайындауда, биореакторларда *V. melitensis* Rev-1 вакциндік штамын өсіруге арналған қоректік ортаны әзірлеу технологиясы туралы мәліметтер келтірілген. Жүгері, соя және казеиннің панкреатиндік гидролизаты қосылған қоректік ортада, биореактордың диапазоны 50 литр, рН 7,0-7,2 сағатына 1,6 м³ таза ауа және 50 айн/мин, 38 °С-та ұстадық. *V. melitensis* Rev-1 вакциндік штамының өндірістік 1-биоварының, өсіндік-тинкториалдық